Кішкентай Леопольд Вайс әр күні ұзақ сағаттар бойы әкесінің қатты қадағалауымен діни әңгімелерді оқып зерттеу үшін көп уақыт бөлетін еді. Сөйтіп отырып ол он үш жасында еврей тілінде мүдірмей оқып, еркін сөйлей алатын дәрежеге жетті.Таурат кітәбін түп нұсқасынан үйренді, Талмудтың әрі оның кең түсіндірмелерінің ғалымына айланды. Одан кейін Таураттың «Таржум» атты келісілген түсіндірмесін зерттеуге терең кірісті. Оны өзін жоғарғы діни мансапқа дайындап жатқандай оқыды. Оның бұл көптеген жетістіктері –Австриялық еврейлердің дін басшысы болған атасының арманы еді.Ол заманнан бері дін басылық қызметті атқарған ата-бабаларының жолын осы немерелерінің жалғастыруын қатты қалайтын еді.Дегенмен бұл арманы орындалмады. Оның дінді терең оқығанына қарамастан,ал мүмкін сол терең оқығанының себебінен болар, яһуди діни нанымдарының көптеген тармақтарынан кемшіліктерді байқағандай болды. Яғни, өз бойынан қанағаттанбаушылықты тапты.Таурат пен Талмудтың жазбаларында келгендей,Құдайдың тек яһуди ұлтына ғана ерекше көңіл бөлуіне оның ақылы о бастан-ақ келіспеген еді.Ол кітәптардың көрсетпесі бойынша Құдай барша халықтардың Жаратушысы, Сақтаушысы емес, керісінше барша жаратылыстарды таңдаулы халық яһуди еліне бағындырушы белгілі бір рудың ғана Құдайы іспетті.

Осы өз дінінен қанағатсыздануы,сол уақыттарда оны одан өзге рухани сенімдерді іздеуге жетектемеді.

Өзі өмір сүріп жатқан ешнәрсемен хабары болмаған ортаның әсерімен ,өзінің көптеген замандастары тәрізді өз бойынан дінмен діни ұйымдардан бас тартуға үндейтін бейімділікті тапты. Оның талаптанған нәрсесі өзінің замандастарының талаптанған нәрселерінен көп айырмашылықта еді.Ол нәрсе ойланған жерден бақытты ететін кездейсоқ бір өзгеріске ұшырасу.

Леопольд Вайстың өмірінің сол кезеңінде Бірінші Дүниежүзілік Соғысы (1914-1916)басталып кетті. Соғыс біткен соң екі жыл көлемінде Вена университетінде өнер және философия тарихын оқыды. Бірақ оның барынша қызықтан талаптанған нәрсесі - өмірдегі жанына қажет болған сүйіспеншілік тұстары еді.Яғни,оның құштарланған нәрсесі рухани ақиқатқа жету еді. Ол соның бар екеніне анық сенді,бірақ әлі жете алған жоқ.

Жиырмасыншы ғасырдың бас жағы европалықтар үшін рухани ашаршылық кезеңі болып белгіленді. Ешбір тұстан жаңа руханият даулары бой көрсетпеді. Олардың көпшілігі Бірінші Дүниежүзілік Соғысытың қорқынышты үндеулерінің астында қалды.Және көпшілік ішкі тыныштықпен келешекке деген сенімдерін жоғалтып алды. Қоғамдық тоқыраулар мен санадағы құлдыраулар адамдардың ішкі дүниесіне қатты әсер етіп ,көпшілікті алға қойылған мақсаттармен шешімдерін жалғасын табатынын адам санасының өркендейтінінен үмітсіздікке салып, күдікке қалдырды. Жастардағы көрініс берген рухани мазасыздық оларға крорқыныш ұялатып,алға қарай бекем қадам басудан тосты.Сол тұста белгілі ахлақ өлшемдердің болмауынан ешбір адам көрініс тауып жатқан көптеген сұрақтарға қанағаттандыратындай нақты жауаптар бере алмаған еді. Әсіресе сол сұрақтар жастарды қатты мазалаған еді.Сол кездегі психоаналитика ғылымдары (бұл сала Леопольд Вайстың зерттеулерінің біріне кіретін еді)ой жүгіртудің жаңа кезеңдері басталғанын білдіретін еді.Және осы ғылым саласы адамды тани түсудің жаңа бір қақпаларын ашқандай болды.Осы нәрселер қиналған Леопольд Вайстың ішкі талпынысын оятты.Және адамзат баласын тани түсуге мүмкіндік беретін есіктердің ашылуына көмектесті. Ол көптеген кештерін Венадағы арнайы клубтарда, осы осы ғылымның алғашқы бастаушылары болған Альфред Адлер, Герман Цейткел сияқы зерттеушілердің қызу, әрі қызықты пікірталастарын естумен өткізді. Дегенмен, жаңадан бастау алған бұл ғылымның әлі жетіле қоймағандығымен дөрекі тұстары оны қайтадан мазасыздықпен түсінбеушілікке сала бастады. Осының салдарынан университеттегі оқуды бітіру деген ой

жай қиялға айналды. Сол оқуын бітірмей тастады да өзін журналистика саласында сынап көрмекші болды.Бұл саладағы алғашқы жетістігі «Юнайтед Телеграм»ақпарат агенствосына тілші болып тағайындалды.Оның бірнеше тілдерді жетік білгендігі азғантай уақыт ішінде Скандинавия ақпарат бөлімшесінде бас редактордың орынбасары болуына ешбір қиындық туғызбады.Ол кезде оның жасы жиырма екіге де жетпеген болатын. Осы нәрселер оған кеңірек әлемге, яғни «Ди Вестен», «Романсия» атты жазушылардың, белгілі ойшылдардың ,көрнекті журналистердің және өнер иелерінің кездесіп тұратын орнына баруына жол ашты. Оларға Леопольд Вайс «пікірлер үйі»-деген атау тақты. Сөйтіп олармен терезесі тең дәрежеде достық қарым-қатынастар құрды.

Оның дүние тіршілігіндегі жеткен жетістіктері өзін бақытты сезіндіргендей еді.Бірақ әлі де ішкі дүниесінің ризашылығы мен көңіл тоқтығы жетпегендей болып тұратын.Сонымен қатар өзінің негізгі мақсаты не нәрсе, әрі сол мақсатқа жеткізетін нәрсе қайсы екенін біле алмады. Оның бар жағдайы өздерін бейшара халде көрмесе де, кейбір жеткен таным-түсініктеріне қарай «бақыттымыз»-деп, ойлайтын аздаған замандас қатарлары сияқты болды.

1922-ші жылдың көктем күндері .Жасы әлі 22-ге жете қоймаған Л.Вайс Палестинадағы Қудусқа бағыт алып бара жатқан кеме үстінде еді. Егер де сол кезде оған біреу оның ислам дінімен алғашқы тікелей танысуы оның өміріне үлкен өзгерістер әкеледі –десе, ол сөзді әншейін мазақ – деп есептер еді. Ол батыстықтарды шығыстықтар туралы шынайы көзқараста болудан тосатын «Мың бір түн»сияқты жалған шығыс азғыруларынан қорғалған болмаса да, дәл осы сапардың оған үлкен рухани өзгеріс әкелетінін ойлаудан өте алыста еді. Оның бұл сапардағы барлық ойы батыс көзқарастарымен ғана үйлесетін. Және оның шешімі өзі өскен орта-европалық ортадан алынған сезімдермен танымдарды жүзеге асырумен шектелген еді.Ал ислам және оның барша рәміздері турасындағы нанымы –бұл дін жәй ғана адамзат тарихына ортадан орынсыз қосылып кеткен, әлдебіреулердің сәтсіз талпыныстары ғана-деп есептейтін европалық жігіт болатын.Яғни, ислам дінін рухани жағынан да ,ахлақи жағынан да көңіл бұруға татымайтын,әрі олардың мән беруге болады-деп ,есептейтін діндері яһуди мен християн діндерімен салыстыруға келмейтін бөгде бір талпыныс –деп ,қарайтын.Оның санасын исламға қатысты әрбір нәрсені жат қылып көрсететін европаның жасанды қара түнегі орап алған болатын.Тіпті,осы жайында кейін өзі-де былай-деп ,қорытқан: «Өзім туралы шынайы үкім беретін болсам, онда, тарих бойы өзгелерден көрініс турасынан да,ақыл турасынан да артықсыз-деген,европлықтардың жалған пікіріне барынша батқанымды мойындар едім».

Бірақ , Л.Вайс төрт жылдан соң «Бір Аллаһтан өзге ғибадатқа лайықты ешбір тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі»-деп ,куәлік береді.Әрі өзінің атын Мұхаммед Асад – деп, мұсылманшалап өзгертеді.

Иә,сол тұста оның өмірі көптеген қауіп-қатерлерге толы болды. Бірақ оның ислам дінін қабылдауына ол нәрселер себеп болған жоқ.Керісінше ,оның бірнеше жылдар бойы ислам әлемдеріне сапар шегуі ,олардың халқымен араласуы,мәдениеттерін терең тани түсуі,араб,парсы тілдерін игеріп олармен тіл қатынастарына түсуі нәтижеде ислам дініне кіруіне себеп болған еді.

Ол өзінің жас шағында бар ынтасын қойып оқыған өз діні – яһуди дінінен көптеген кемшіліктерді көргенде қатты қайран болып ,әрі барша үміті ойран болған еді.Соның салдарынан ол бар ой-пікірін христиан дініне қоя бастаған.Өйткені християн дініндегі Құдайдың назары, Тауратта келген Құдайдың назарындай бір ғана таңдаулы халықпен шектеліп қалмаған болатын.Сөйте тұра ,християн діндегі кейбір пікірлердің жалпы адамзат баласына ортақ болуға жарамайтындығын тапты.Ол пікірлердің бірі, олардың рух пен денені (жан мен тәнді) бір-бірінен бөліп қарастыруы. Яғни, рухани әлем мен дүние тіршіліктерін бір-бірінен бөліп қарау. Ерте кезеңнен бастау алған християн

дінінің дүние тіршілігіне қатысты мақсаттарды бекітуге бағытталған әрекеттерінің жоқтығынан, ұзақ ғасырлар бойы батыс өркениетіне ахлақ тұрғысынан қорған болуға жарамады.Шіркеудің өзінің сонау көне тарихынан бері ұстанып келе жатқан «Құдайдікі Құдайға, патшаныкі патшаға»-деп, айыратын қағидалары ,нәтижеде қоғамдық және экономикалық саладағы діни жетіспеушілікке әкелді. Және батыстың әлемнің басқа елдермен болған саяси әрі экономикалық қарым-қатынасында моральдық жетіспеушілікке дейін апарды.Осының бәрі Иса пайғамбар ғалайһис-сәләмнің әкелген дінінің немесе одан басқа діндердің негізгі мақсаттарына көлденең кедергі болды.

Кез-келген діннің негізгі мақсаты адамның танымымен сезімін күшейту.Керек десеңіз, қалай дұрыс өмір сүру және адамдармен болатын қарым-қатынасты тең,әрі әділетті жолға қоюды үйретеді.Батыс адамының «дін оны алдап кетті» - деген сезімі християн дініне деген шынайы нанымның жоғалуына себеп болды. Иманды жоғалтуымен барша болмыс жалғыз жаратушының куаты екендігіне деген қанағаттылығынан айырылды. Ал осы қанағаттылығынан айырылу нәтижесінде рухани және ахлақ тұсынан жұтап қалуына тура келеді.

Бұл сапар оның өміріндегі Құдысқа алғаш рет келуі болатын .Және осында өзінің сапар күндерін өткізіп жатып бірінші рет Ислам пікірімен ұшырасты. Ол бірнеше мұсылман адамдардың жамағат болып намаз оқып жатқанын көреді. Ол көріністен алған әсерін өз сөзінде: «Тәртіпті әрекеттерден тұратын намазды көргенімде таң қалдым»-деп, айтқан. Және сол жердегі имамға барып: «Құдай сенің оған келтірген иманыңды осындай қайталанып отыратын рукуғтар мен сәжделер арқылы көрсетуіңді қалайтынына нақты сенесің бе?Одан да өзіңнің ішкі дүниеңе үңіліп, қозғалыссыз тыныш хәлде Құдайыңа жүрегіңмен намаз оқысаң абзалырақ болмас па еді?»-деп, айтқан.Оған имам: «Құдайдан бұдан басқа қандай жолмен құлшылық қылуымыз керек деп ойлайсың.Аллаһ Тағала рухты және денені бірге жаратпады емес пе?Егер рухпен денені бірге жаратқан болса, неге денемізді де бас идіріп,намаз оқымасқа»-деді де, сол намазда өздері жасаған рукуғ ,сәжде сияқты әрекеттердің мағынасын түсіндіріп өткен. Кейін Л.Вайс : «Осы кішігірім түсіндірмелер менің Ислам есігін ашуына себепкер болғанына бірнеше уақыттар өткен соң нақ білдім»-деген.

Осы оқиғадан бірнеше айлар өткен соң ол Дамаск қаласындағы көпшілік жиналып оқитын Жамиғул Умауи мешітіне кіріп ,адамдардың намаз оқып жатқанына назар салған .Одан алған әсерін былай деп суреттейді: «Жүздеген намазхандар имамның артынан ұзын, әрі түзу саптарға тұрды.Бүкіл қимыл әрекеті бір жерден шыққан әскердей бірлікте рукуғ, сәжде жасады.Және сол жерді тұнық бір тыныштық билеген. Имамның Құран аяттарын оқып жатқан дауысын мешіттің ең ақырында тұрған адамның өзі анық-анық еститін еді.Ал имам рукуғқа, сәждеге барған тұстарында, артында ұйып тұрған намазхандар да бір кісідей оған ілесіп отырады. Сол сәтте Аллаһтың олардан, олардың Аллаһтан қаншалықты жақын болып тұрғанын білдім. Және маған олардың намаздары күнделікті өмірлерінен ажырамайтындай көрінді. Тіпті сол өткізіп жатқан күндерінің негізгі бір бөлігі іспетті болды.Олардың намздары дүние тіршілігін ұмыттырып қоймайды екен, керісінше Аллаһты зікір етулеріменен бұл дүние тіршілігін тереңірек түсінуге жетектейді екен. Осы мешіттен қайтып бара жатып түскен үйімнің егесі,әрі досыма «Қандай күтілмеген ғажайып ,ұлы нәрсе!Сендер, расында Құдайдың сендерге жақын екенін сезесіңдер. Мен де осындай сезіммен тола болуымды қалаймын»-дедім.Сонда ол досым бұдан басқа қандай сезімде болу мүмкін? ЕгерАллаһ Өзінің ұлы кітәбінда: «Расында адамзатты жараттық. Оған нәпсісінің не сыбырлағанын білеміз. Және Біз оған күре тамырынан да жақынырақпыз» (50:16)-деп айтқан болса деді».

Л.Вайс және бір сөзінде : «Араб елінде өткізген сол бір айларым көптеген өзгерістер мен рухани төңкерістерден тұрды.Және өмірдің шынайы мәнісімен бірінші рет бетпе-бет келдім.Бұл өмірімдегі жаңа бір өзгеріс еді»-деді.

Сол мұсылман елдің рухын тану зәру істен екенін сезіндім. Себебі олардан пікір мен сезім байланысын таптым. Тап, осы нәрсені біз, европалықтар жоғалтып алған едік. Олардың өмір туралы жақын, әрі дұрыс түсініктері мен іздеген ақиқатқа жол сілтеуші болады деп есептедім. Және сол нәрсе ішкі дүниесі құлдыраған европа тұлғасына шипа болатындай көрінді. Және бір байқағаным, біз европалықтар жасанды ережелердің салдарынан шынайы бостандықтан алыста жүргендігіміз, ал мұсылмандар бастарынан қоғамдық, әрі саяси тоқырау кезеңдерін өткізіп жатса да, бостандық ләззаттарын сезініп жатқандары. (132).

Алғашқыда мұсылмандардан көрген осы артықшылықты бар болғаны рухани тыныштық пен, өзара сыйластыққа бейім болған арап өмірінің көрінісі ғана болар деп ойладым. Кейін қалай екенін білмеймін, олардағы осы бір көрініс менің жеке басымның үлкен бір мәселесіне айналды. Уақыт өте келе араптардың өмірін европалықтардың өмірінен мүлдем ерекшелендіріп тұрған рухани тыныштықтың мәнісіне жету мені қатты қызықтырды. Ол туындаған қиыншылығым өзімнің ішкі тұлғалық қиыншылықтарымен байланысып қалды.

Осыдан келе рухани тұрғыдан европалықтардан ерекшеленіп тұрған араптардың жеке тұлғасы мен сана-сезімдерін жақсырақ тануыма көмектесетін жолдарын іздей бастадым. Олардың тарихын, мәдениетін және дінін ерекше ынта қойып оқи бастадым. Ізденіс барысында олардың жүректерін қуаттандырып, ойларын шынықтырып, бағыттарын белгілеп тұратын нәрсені табуға жақындағанымды сезіндім. Сонымен қатар, алға қойған мақсатыма жету үшін әрекетімді күшейтіп, ойымды шоғырландырып, ұмтылыстарымды белгілейтін әрі мені тура жолға бағыттап отыратын жасырын қуаттарды табу қажеттігін білдім. (132).

Дамаскіде болған барша уақытымды исламға қатысы бар кітәптарды оқумен өткіздім. Менің білген арапша сөздерім адамдармен сөз алмасуда жеткілікті болғанымен, Құранды жетік оқуыма әлі де жеткіліксіз еді. Сондықтан оны оқуда Құранда келген сөздердің мағыналарын түсіндіретін аудармаларға көңіл бұрдым. Ал, Құраннан өзге кітәптарды оқуда европалық шығыстанушылардың еңбектеріне сүйендім.

Менің жеткен танымдарым мен білген нәрселерім ақиқаттың өзі болмаса да, соған жетер жолдағы кедергілерді кетіруге себеп болып жатты. Сол уақытта мен үшін бейхабар пікірлер әлеміне кіріп кеткен едім. Зерттеу барысында ислам маған адамдар арасында танымал болған жәй дін ғана емес, керісінше дұрыс өмір сүруді үйрететін қағида сияқты көрінді. Әрі жеке адамның және қоғамның жүріс-тұрысына қарай орнатылған, бір ғана Аллаһтың барлығы туралы түсінікке негізделген діни заңдылықтар ғана емес екен. Құран аяттарынан адамның рухани құтқарылуы қажет дейтін аятты немесе ишаратты кездестіре алмадым. Және адаммен Аллаһтың оған өлшеп берген тағдырының арасында тосқауыл болып тұратын, мирас болып келе жатқан «әуелгі күнә» жайында да ешнәрсе жоқ. Адам баласы үшін өзі жасаған амалынан басқа ештеңе жоқ. Және онда адам баласының құтқарылуына жеткізетін жасырын есіктерді ашу үшін, манахтық пен дүниебезерлікке түсудің қажеті жоқ екені айтылған. Және «құтылу» адамға туған бойда уәде етілген нәрсе.Ал күнә болса адамды Аллаһтың жаратқан әуелгі табиғатынан алыстатушы екен.Сонымен қатар Құраннан адамның тәні мен рухтың бір біріне қатысы жоқ қылып көрсететін нәрсені таппадым.Ислам көзқарасында рух пен тән бір-бірінен ажырамайтын ,бірге әрекет етуші заттар болып есептеледі.

Алғашқыда Құран Кәрімнің тек рухани мәселерді қозғап қана қоймай, сонымен қатар дүние тіршілегіндегі мәселелерге , тіпті дүниеде қатты мән берілмейтін нәрселерге де маңыз беруі мені қатты таң қалдырды .Кейін уақыт өте келе расында адамның дене мен рухтан құралған бүтін бір құрылым екеніне көзім жетті. Ислам бұл мәселенің ақиқатын анықтап берген екен. Маңызды емес дей салатындай өмірдің ешбір тұсы жоқ екен. Керісінше бұл дін , адамзат өмірінің барлық саласына маңыз беріп көңіл бөлген. Құран

Кәрім мұсылмандарға бұл өмірдің өте жоғары , әрі мәңгілік нәрселерге жетер жолдағы өтпелі бір кезең екенін естеріне салып отырады. Және оларға соңғы мақсаттың рухани сипатқа ие екенін де ескертіп тұрады.Әрі адам дүние байлықтарының өздігінше ешбір маңызға ие емес екенін біліп, оған құнығып кетуден сақ болса онда материалдық кеңшілікте өмір сүрудің зарары жоқ екені айтылған.Сол үшін, адамға тәбет- араны мен шаһуат-қызығушылығын бақылауы керек.Міне осы моральдық сананы бекемдеу арқылы адам араны мен шаһуатына үстемдік құрады. Исламдағы барлық ой-сананы Аллаһқа бағытталуымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасқа да көңіл бұрудың қажеттілігі ескертілген. Бұл нәрсе тек дін кәмілдігін орнату үшін ғана емес, сонымен қатар көркем күйде өмір сүруге мүмкіндік беретін , көпшілік үшін қажетті пікірлерді дамытып қалыптастыратын қоғамдық жағдайды орнату үшін де керек.

«Зерттеу барысында исламның ой және ахлақ тұстарының барлығына ізет-құрметпен қарадым.Оның рухани мәселелерін шешудегі жолы Тәураттағы мен көрген жолдан әлде қайда тереңірек еді.Және тән мәселелеріндегі ұстанған жолы – Інжілдің ұстанған жолына мүлдем өзгеше екен.Яғни Құран тәннің де өзіне тән теріс әрі денеден хабардар, дұрыс жол.Тән мен рух бірігіп адамды құрайды.Кейін келе, араптар мен мұсылмандарды өзгелерден ерекше етіп тұратын жан тыныштығы мен пікір және нәпсі тепе-теңдігінің сыры, олардың осы бір тура нанымдарының себебінен болар-деп, тұжырымдадым» (166-168).

Л. Вайс Сириядан қайтқаннан кейін, өзінің Ислам әлеміне жасаған алғашқы сапары аяқтар алдын, Европаға қайтар жолында бірнеше ай Туркияда кідірді.

«Венаға бағыт алған поезда кетіп бара жатырмын. Туркиядан алған әсерлерім өз маңыздылығын жоғалтты да, санамда арап елдерінде болған он сегіз айым қатты бекіп алған. Европадағы кімнің бөтен екенін білгеннен кейін, ондағы көріністерге қайта оралатыным ойымды бұзды. Енді менің назарымда ондағы адамдар оңбағандықтың шегіне жетіп, барша қимыл-әрекеттері жұмсақтықтан ажыраған пенделердей көрінді. Олардың білген, сезген нәрселері мен жасаған әрекеттерінің арасында ешбір байланыс жоқ сияқты болды. Олардың сыртқы көрінісі өздерінің не қалайтынын білетін кісідей көрінгенімен өздерінің мақтангершілік пен атаққұмарлық әлемінде өмір сүріп жатқандарын білмейтінін аңғардым. Араптардың арасында өткізген күндерім менің бағытыммен көзқарасымды толығымен өзгертті. Себебі онда білген нәрселерімнің өмір үшін қажеттілігі мен маңыздылығын анықтадым.

Осы мені таң қалдырған нәрселер, араптармен өмірлік тәжірбиелерін өткізген, әрі олармен бірге ұзақ өмір сүрген басқа да европалықтарды неге таң қалдырмады екен? Мүмкін бұл нәрселер оларды да орын алған шығар. Олардың да санасында сілкініс, жүрегінде толғаныс бой көрсеткен шығар (178-179).

«Бірнеше уақыт Венада кідірдім. Ол жерде университеттегі оқуымды тастауға және тұрған үлкен үйден көше тұруға рұқсат еткен әкеммен келісімге келдім. Қалай дегенмен де мен Европаға әйгілі, әрі қадірлі газеттердің бірі «Франкфурт Зейтунг» – ке тілші едім. Осы арқылы мен әкемнің ойынша оған «жоғары мансапқа жетем» – деген уәдемді орындағандай болғанмын.(179)

Өзім бір жыл көлемінде сырттай тілшісі болған газетке негізгі қызметкерлердің бірі болып кіру үшін Венадан Франфуртке тез арада көштім. Редакцияға барар жолда өзіме қатты сенімде болдым. Өйткені Франфурктен алатын хаттарында менің мақалаларым онда үлкен қадыр-құрметпен қабылданатыны айтылатын еді. (180).

Менің жасымдағы жігіттерге бұл сияқты газеттерге негізгі қызметкер болып орналасу үлкен мақтаныш, елеулі ізет болатын. Таяу Шығыс туралы жазған мақалаларым газеттің барлық редакторлары тарапынан қолдау тауып жатқанымен, мен өзімнің толық жеңісіме

Таяу Шығыс мәселелеріне арналған беттің беташар мақаласын жазуға міндеттелген кезде ғана жеткендей болдым. (182).

«Франкфурт Зейтунг» газетінде істегенімнің бір пайдасы санамның ерте пісіп жетілуіне көмектесті. Сондай-ақ пікірлерім де алдағы уақыттарға қарағанда анығырақ бола түсті. Шығыстан алған тәжірбиелерімді батыс әлемімен байланыстыра бастадым.Бірнеше ай өткеннен кейін, араптардың бойынан ерекше көрінетін рухани тыныштықпен артықша сезімдерінің, олардың сенетін Ислам нанымдарымен тікелей байланыста екенін таптым. Әрі европалықтардың ішкі рухани әлеміндегі кемістіктер мен мінез құлықтарындағы әдепсіздіктер дұрыс діни нанымның жоқтығынан екенін аңғарғандай болдым. Негізінде батыс өркениеті сол діни нанымсыз-ақ құралған. Олар Құдайды жоққа шығармаса да, өздерінің ой-өрісінде Оған елеулі орын бере қоймаған. (182).

Көлейгейлеп тұрған перденің түріліп, үлкен бір ақиқи жаңалыққа жетер алдын мәжбүрлі тоқтауы оған уайым орнатты.

Л. Вайс Шығысқа тағы бір жолы сапар шегіп қайтуды қалайтын еді. Көптеген елге әйгілі болған газеттің редакторы Генри Саймонның оның Таяу шығысқа тілші ретінде жіберілуіне берген келісімі арманының орындлуына мүмкіндік берді.

Сонымен Л. Вайс соңғы екі жылын Мысыр, Шам, Иран, Ирак, Ауғанстан сияқты елдерде өткізу үшін Шығысқа қайта оралды. Европадан сапарға шыққан оның санасында күн өткен сайын Европа әлемінің шынайы суреті анықтала түсті. Ол жайында өзі былай – деген: «Расында Европа адамы өзін Дажалдың құлшылығында болуға көндірген. Әрі одан алыс болуды көп уақыттан бері қаперіне алмағанда сияқты. Сыртқы ортамен байланыстырып тұратын ішкі ұстанымдарын да жоғалтып алғанға ұқсайды. Және оның өзінің көзқарасы бойынша өмірі жұмбаққа айналған. Ол әрдайым күмән мен күдікте жүретін болғандықтан өз бауырынан ұзақтап, өзімен өзі жеке күй кешеді. Оған жалғыздықтан жоғалып кетпеу үшін, өмір үстінен сыртқы құрал - әрекеттер арқылы үстемдік құру қажет болды. Оның болмысының шынайы көрінісі – жасап жатқан өмірі оған ішкі дүниесінің тыныштығын сезінуге шамасыз екендігі. Сондықтан оған осы тыныштықтың дәмін сәл де болса сезініп қалу үшін тынымсыз көп күш жұмсау қажет. «Оншалықты қажеті жоқ» – деп, діни бағыттардан ажырап қалған батыс тұлғасына өзін-өзі қанағаттандыру үшін техникалық құралғыларды ойлап шығарып отыру қажет болды. Соның себебінен техникаға деген дертті қызуғышылығы арта түсіп, оның қыр-сырын жете біле бастады. Ол әр күні жаңа бір техникалық бұйым шығарып отырды. Оны шығаруға жанын салып, қуатын сарп етті. Бірақтан жасап шығарылған бұйым оған жаңа қажеттіліктерді туындатып отырды. Әрі оның бойында жаңа бір техникалық құралғыларды ойлап табуға деген тойымсыздық пайда болды. Соның салдарынан оның рухы күн сайын бейтаныстығымен қуатын арттырып отырған техника құрал-жабдықтарының астында тұншығып, ескерусіз қалып отырды. Ақырында әлгі техникалық құралдар өзінің адамзат өміріне пайдасын тигізу деген негізгі мақсатын жоғалтып, олардың сиынатын темір пұтына айналды. Және де осы темір пұттың қызметкерлерімен уағыздаушылары техникалық дамудың жылдамдығы тек пайдалы білімнің артқандығының нәтижесі ғана емес сонымен бірге рухани үмітсіздіктің де күшейгенінің белгісі екендігінің білмейтін сияқты. Батыс адамының «материалдық ірі жетістіктер табиғат үстінен үстемдік құруға көмектеседі»-деген ұраны өзінің ғайыптан болған қорқынышын жасыру үшін жасаған қорғанысының түрі. Ақиқатта батыс өркениеті әлі күнге дейін адамның дене қажеттліктері, әрі қоғамдық қажеттіліктері мен рухани сұраныстарының арасындағы тепе-теңдікті орната алған жоқ. Тіпті олар нәпсі ақылға бағынуы тиіс деген теориялық көз-қараста болса да жаңа бір моральдық ұстанымдарды орната алмастан өздерінің бұрынғы діндерінің құнды әдеп-ахлақтарынан ажырап

қалды.Батыс ұлттары жұмыс анархиясымен ұласқан шектеусіз ғылыми мүмкіншіліктерге жетті.Батыс адамы өзінің дінге-деген мұқтаждығын сезінсе – шеберлік танытқан болар еді. Себебі оның ғылымы арқылы жеткен танымын моральдық пайда беруге жарамайды. Шын мәнінде батыстықтар өздерінің құрған өркениеті әлемді нұрландырып бақытты орнатуға мүмкіндік береді деп есептейді .Сонымен қатар олар адамзат баласының бүкіл проблемасын заводтар мен фабрикаларда ,экономистермен есепші-статистіктердің кабинеттерінде шешіп тастауға болады деп-те ойлайды. Расында олар Дажжалға табынушылар!»(373).

Оған осы шығысқа жасаған екінші сапарында, арап тілін тереңдете түсуге мүмкіншіліктер болды.Бұл нәрсе оған исламды шығыстанушылармен мұсылман емес Құран аудармашыларының еңбектері арқылы емес, сол исламның тікелей мәдени мұрасы,асыл бастаулары арқылы тануға жол ашты.Ол әлі де, европалық адам исламның пікір, көз-қарастарын өз пікірімен шешіп қараса болады деген ұстанымынан қайтқан жоқ . Оған исламдағы кейбір бөтен көрінген нәрселерді түсіну үшін, адамға өзінің ортасына қарай қалыптасқан әдеп-ғұрыптармен қатқан пікірлерімен толығымен ажырау керек екендігі айқын болды. Халықпен араласып, мұсылман ғұламаларымен пікірлесіп, басшыларымен қарым-қатынас орнатуға жағдай туғызған оның осы екінші сапары ислам турасындағы ой-пікірін дамытып, тереңдетті.

«Ислам жайындағы пікірлер бүкіл санамды биледі .Расында бұл істің басы бар болғаны біздер үшін бейтаныс болған шығыс өлкелер туралы білмегенімді зерттеу сапары болып көрінген еді. Ондағы өткізген әрбір күнім маған жаңа мәліметерді қосатын еді . Және барлық жауабын сырттан табуым үшін жаңа сұрақтарды қоятын ,жан дүниемнің түкпірінде ұйықтап жатқан нәрселерді ояттым. Біртіндеп ислам туралы танымым көбейген сайын өзім барлығын білмей жүрген ішкі дүниемнің түбінде жасырынып жатқан ақиқаттарды сезе бастадым .Сол ақиқаттар біртіндеп ашылған сайын олардың ислам дінімен сәйкестігі анық болды». (255).

Л.Вайстың ішкі дүниесінде оның сұрақтарының нәтижелі жауабына жеткізетін айқындық орнап келе жатты.Ол күн сайын мұсылмандардың өмірін тану арқылы ислам туралы абзал түсініктерге жақындай бастады.Әрі ислам оның ойын әр кез билеп тұрды. Ол өз сөзінде:« бүтін дүниеде мен сезінген дәл осы бір жаныма жайластыратын бірде-бір нәрсе жоқ. Ол нәрсе батыс әлемінен мүлдем жоғалды. Әрі кәзіргі уақытта шығыс шығыс әлемінен де зая болып бара жатыр. Ол бір рахат,ол бір ризашылдық - адамзат баласымен оны қоршап тұрған әлемнің арасындағы ғажайып үндестік арқылы түсіндіріледі»-деген.(238).

Осы өзгелер қарым-қатынасына қарай болған кең рухының арқасында Л.Вайс батыс адамының ислам елдеріндегі артта қалушылықпен материалдық құлдыраушылықты көруі себебінен туындайтын алданушылығынан оңай құтыла алды.

«Батыстағы Ислам туралы кең тараған көзқарастардың түйіні: "Мұсылмандардың күйреуі ислам дінінің нәтижесінен.Егерде олар ислам нанымдарынан арылып ,өздерінің түсініктерін, өмір сүру қағидаларын,пікірлерін батыспен сәйкестендіріп құрса онда ол нәрсе олар үшін де, әлем үшін де абзалырақ болар еді"-деген мағынада болып келеді. Бірақ, менің ислам туралы тапқан түсініктерім әрі сол түсінікке жеткізген Ислам құндылықтары европалықтардың қайта-қайта қайталап айтып жатқан бұл пікірлерінің Ислам туралы бұрмаланған пікір екеніне көзім жетті. Ал мұсылмандардың артта қалулары Исламның себебінен емес, керісінше сол Исламның бұйрықтарын толық ұстамағандықтарынан болды. Расында да бұл Ислам –алғашқы мұсылмандарды биік санамен жоғарғы мәдениетке көтерген нағыз діннің өзі болатын». (243-244).

«Қорыта келгенде ,ислам діні таным, мәдиниет және өркениеттің дамуына қатты ықпал еті.Осы арқылы Ислам адамзат тарихына өзінің ең көркем беттерінің бірін енгізді. Әрі оның осы ықпалы надандықпен қараңғылықты түріп, ақылды орнатты, жалқаулық пен

әрекетсіздікті тиып, амал мен еңбекқорлыққа тәрбиеледі, дүниебезерлікпен монахтықты жоққа шығарып, өмірдің маңызын ашып берді. Сондықтан Исламның өте ғажап жылдамдықпен арап елдерінің шекараларынан өтіп, жер бетіндегі басқада халықтар арасында көптеген ерушілерді тез арада тапқанында таң қаларлықтай еш нәрсе жоқ. Расында Әулие Павел, Әулие Августин атты өкілдлердін християн дінінің құшағынын астында өскен халықтар олардын нанымдары мен «алғашқы күнә»-ға байланысты сенімдерін мойындамайтын, адам өмірінің құндылығын нақтылайтын дінді көрді. Сол үшін олар Аллаһтың осы дініне топ-тобымен кірген .Осының барлығы тарихи бастамасында Исламның жеткен жетістіктерімен кең ауқымда әрі тез арада таралуынын себебін түсіндіреді. Және «Ислам діні қылыштын жүзімен тарады»- деген пікірді жоққа шығарады.Ондай болса , Исламның ұлық мәртебесін мұсылмандар көтерген жоқ, керісінше, Ислам діні мұсылмандардың мәртебесін көтерді. Кейін келе мұсылмандар иманды әдетке айналдырып , ал Исламды өмір сүрудің жолы етуден ұзай бастағанда сол өркениетке қуат беруші тамыр тарылып бара-бара жайбарақаттылық пен бедеулік және мәдени күйреу орнын басты(246).

Л.Вайстың өткір естілігі мен зор көрегенділігі әрі мұсылмандардың ой мұрасына деген қатты құштарлығы ислам туралы мағлұматтарының күшейтіп, оны ақиқи суретінде көруіне мүмкіндік берді.

«Ақырына қарай, Исламның шынайы бейнесі сомдалып, өзінің кәміл бейнесінде көріне бастады. Мені қайран қалдыратын нәрселердің бірі осы нәрселер ақылым мен пікірімді сүзгіден өткізіп, ішкі дүниемді тәртіпті күйге келтіре бастағаны. Әрі бұл нәрселердің менің қалауымсыз-ақ болып жатқаны. Пікірлер толықтанып Ислам туралы жеткен танымның бөлшектерінің оралып, санамды анық күйге түсуіне көмектесті. Санамда кәміл бөлшектерден құралған өзінің белгісін әсте-әсте анық көрсете бастаған өміршен де толық істін болып жатқанын сезіндім. Сол бөлімдер мен бөлшектердің бірін-бірі құрап, ешбір ақауы жоқ тепе-теңдікте ұйқасқанын көрдім. Сол үшін адам, Исламның барша көрінісімен оның заңдылықтарының дұрыс орындарында екенін әрі үйлесімді екенін сезіндім» (381).

Ислам өркениетін бұрынғы және кейінгі өркениеттерден ерекшелендіріп тұрған сипат – оның өз халқы үшін бостандықты айырықшы қалайтыны. Ислам өркениеті зорлық пен қорлықты,қысымшылық пен жәбірлеуді, қалау мен пайда көру күрестерін туғызған басқа өткен өркениеттер сияқты болмады. Бірақ Аллаһқа келтірген имандарымен қуаттанған, және жасалуын қызықтырған амалдар мен пікірлерден ұстанған, барша мұсылмандардың тарапынан туындаған шынайы қалау еді. Бірақ Аллаһқа келтірген имандарымен, Аллаһ жасалуын жақсы көрсетіп, қызықтырған амал және пікірмен қуаттанған барша мұсылмандар тарапынан туындаған ақиқи қалау болатын. Және бұл нәрсе келер ұрпақты өзіне тән ерекшеліктерімен қорғау үшін айтылатын жәй бос сөз емес, бәлки нағыз қоғамдық келісім болған. Тарихта тіркелген осы қоғамдық келісім өте қысқа мерзімде жүзеге асқаны баршаға мәлім. Нақтырақ айтқанда қысқа мерзім ішінде кең көлемде көп аймаққа тарады. Пайғамбар (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін жүз жылға жетпестен Исламның таза бейнесіне бұзақылықтар ене бастаған. Ал одан кейінгі дәуірлерде кейін қарай шегіну үрдісі басталды. Ислам ойшылдары Исламдағы сенім тазалығын сақтап қалуға барынша тырысып бақты, бірақ олардан кейінгі келген әріптестері әлсізірек болды. Әрі олардың әрекеттері де азырақ болды. Олардың нәтижелі пікірлері мен жемісті әрекеттері тоқтады. Исламның әуелдегі қуатты бастамасы, оны мәдениет пен ой сананың жоғарғы дәрежесіне көтеруге жетерлі еді. Міне осы бір көркем бастама тарихшылардың тарихтың сол бір кезеңін «Исламның алтын ғасыры» – деп атауына себеп болды. Дегенмен, Исламның әуелдегі қуатты күші рухани азықтардың кемуіне байланысты тоқтап қалды. Соның салдарынан Ислам

өркениеті ғасырлап тоқырауға ұшырады. Ислам әлемінің кәзіргі ахуалы туралы менде қате түсінікті болған жоқ. Мұсылман елдерінде болған төрт жыл маған Исламның әлі де тірі екенін көрсетті. Мұсылман үмбетінің өздерінің жолымен тағылымдарын үнсіз қабылдаумен ұстап жатқандарын байқадым. Бірақ олардың мешел болып, өз имандарын жемісті әрекеттерге айналдыруға шамаларының жетпей жатқандығы түсінікті болды. Мені қатты толғандырған мәселелердің бірі кәзіргі замандағы мұсылмандардың Ислам жоспарын жүзеге асыруда сәтсіздікке ұшырап жатқандағы. Және осы жоспарды жүзеге асырудағы мүмкіншіліктердің бәрі, сол Исламның өз ішінде қамтылған. Ілгері мұсылмандардың өте аз уақыт ішінде осы жоспарды жүзеге асырулары түсіну үшін жеткілікті нәрсе. Бір уақытта жүзеге асырылған нәрсе, келешекте де жүзеге асырылуы мүмкін. Және менің іштей уайымдаған нәрсем мұсылмандардың діннің негізгі тағылымдарынан алыстап кеткені. Оларды Аллаһтың елшісі (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) 13 – ғасыр бұрын үйретіп кеткен өнегелерінен алыстатқан не нәрсе болды екен? Егер олар сол пайғамбардың Аллаһтан жеткізген тағылымдарының не дейтінін естігісі келсе, онда ол тағылымдар өздерінің қолдарында әлі де тұр емес пе? Ойлай келе сол Аллаһтың жіберген шариғатына Мухаммед пайғамбардың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дәуірінде өмір сүргендерден гөрі, осы дәуірде өмір сүріп жатқан біздер қаттырақ мұқтаж екендігіміз білінді. Себебі олардың өмір сүрген орталары бізгі кәзір өмір сүріп жатқан ортамыздан гөрі жақсырақ еді. Және олардың өз замандарында жолыққан мәселелері, біздің басымызға түсіп отырған мәселелерден жеңілірек болатын. Мен өмір сүріп жатқан әлем жақсы – жаманды айыратын тура көзқарастын жоқтығымен саңдалып келеді. Менің анық байқағаным, біздің кәзіргі қоғамымыз, адамдар арасында белгілі бір келісім түрін орнату үшін негізгі діни нанымға қатты мұқтаж. Кәзіргі қоғам өзінің ілгерілеуі үшін материалдық дамудың қажеттілігін түсіндіретін, сонымен қатар өзінің өмірінің үлесін ұмыттырмайтын иманға мұқтаж. Бұл иман бізді дене мен рух қажеттерінің арасында тепе-теңдікті орнатуға көмектеседі. Және осы иман біздер зор жылдамдықпен сөзсіз түсейін деп тұрған үлкен апаттан құтқарады. өмірімнің сол тұсында Ислам мәселелері мені қатты шұғылдандырып қойды. Бұған дейін дәл осы сияқты мені ешнәрсе мазаламаған еді. Әр нәрсе батыстың дінімен, мәдениетімен, пікір ақылымен қарау кезеңінен өткенімде, бүкіл қамым ақиқатты іздеуге бағытталды» (380-386).

Л. Вайс өзінің тынымсыз зертеулерінің арқасында мұсылмандардың көзқарастары мен жүріс-тұрыстарындағы нәрселердің қайсысы Исламнан, ал қайсысы Исламға жат екенін ажыра алатын болды. Ол өзінің алғашқы сапарында Туркиядағы Сакутари қаласында орналасқан бір мешітте сопылардың өткізіп жатқан алқа зікірін көреді. Және оны төмендегіше сипаттайды:

«Олар бір жайда жарты дөңгелектеніп, бір-біріне қарама-қарсы орналасып тұрды. Қолдарын көкірек тұсына қойып, еңкейіп, денелерін жартылай айналдырар еді. Келесі сәтте шынтақтарын оң алақандарынан қарама-қарсы бағытқа сілтеген болды. Сол алақандарын жамбас тұсына түсірді, олар еңкейгенде бұралғанда тамақтарынан әнге ұқсаған «Һу» – деген дыбыс шығарар еді. Одан кейін бастарын артқа жіберіп, көздерін жұмып, әрекеттерін бәсеңдетеді. Бұдан соң олар әрекеттерін жылдамдата түседі. Әрбір дәруіштің шапаны су иіріміндей шыр айналып шеңберленеді. Әрі олар «Һу-һу» – деген сөздерін айтуды тоқтатпайтын еді». (251)

Ол өзінің екінші сапарында сол зікіршілер тобын еске түсіріп, былай деген:

" Сакутариде өзім көрген зікіршілер тобының түсініксіз қимыл-әрекеттерінің мағынасы санамда енді анықтала бастады. Мен бұл тәріздес топтарды Ислам елдерінің бірнешесінде кездестіргенмін. Әрі осы топтың діни рәсімдері менің санамда орныға бастаған Ислам бейнесімен ешбір үйлеспейтин еді. Кейін келе олардың сол бөгде көрінген қимыл-рәсімдерін Исламнан басқа негіздерден алынғанын анықтадым. Бұл сопылардың

түсінік-пікірлері христиан және үнділердің рухани түсінік-пікірлерінен нәрленіп өсіп-өңген екен. Міне осы христиан және үнділердің рухани пікірлерінен келген нәрселер сопылардың ұстанымдарына пайғамбардың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан келтірмеген, дінге жат нәрселерді қосты. Пайғамбардың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтан әкелген діні ақылдық себептердің дұрыс иманға апаратын жол екенін бекітті. Соған қарамастан сопылық ағымдағылардың түсініктері мен жүріс-тұрыстары бұл мазмұннан алыс болды, расында Ислам діні ақылға құрмет көрсетеді. Яғни әрбір іске ойланбай, құр сезім әсерінен кірісіп кетуді мақұлдамайды. (253)

Л. Вайс осыдан кейін бірнеше жыл өткен соң былай – деп жазды: " Мен үшін Ислам діні бекем құрылған архитекторлық құрылым сияқты көрінді. Оның әрбір құрылымы бірін-бірі бекемдеу үшін, толықтыру үшін орнатылған. Ол үлкен құрылымда не бір артық нәрсе, не бір кем нәрсе жоқ. Осының бәрі нәтижеде керемет тепе-теңдік пен бекем құрылысты орнатты. Ислам тағылымдарындағы әрбір нәрсенің өз орнына дәлме-дәл қойылуы маған қатты әсер етті. Ислам туралы шамамның келетінінің бәрін білуге әрекеттендім. Құран мен пайғамбардың (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерін барша ынтаменен оқыдым. Ислам тілін үйрендім. Әрі Ислам тарихы туралы қолдап жазған еңбектерді де, қарсы жазылған еңбектерді де оқыдым. Исламның негізгі шынайы ортасымен қосылу үшін алты жыл көлемінде Нәжд пен Хижазда, Мекке мен Мединеде болды. Көп уақытым Мекке мен Мединеде өтті. Қасиетті екі қала дүниенің түкпір-түкпірінен келетін мұсылмандардың басқосу орыны болғандықтан, қазіргі мұсылман әлемінде тараған діни және қоғамдық көзқарастармен танысуға мүмкіндік берді. Барша жасаған зерттеулеріммен салыстырмаларымның арқасында мұсылмандардың өз діндерінен алыстауы себепті артта қалуларына қарамастан, Ислам дінінің әлі де, ішкі рухани тұрғыдан да, қоғамдық тұрғыдан да өте қуатты қорғаушы күш екеніне көзім нақты жетті ". Islam at the Crossroads E D. 1982p 11-12

Өзінің екінші сапарында Ислам әлемдерінде өткізген екі жылы ақыл мен мағлұматтар арқылы Исламға – деген жүрісін жылдамдатты. Бұл нәрсені ол ақ қармен оралған Иран тауларынын бөктерінде атымен келе жатқанда түсінді.

"Барша әлем менің көз алдымда жайылып тұрғандай көрінді. Бұрын оны тап осындай анық күйде көре алмаған едім. Қазір оның ішкі бейнесіне назар сала алдым. Осы аппақ қар басқан тау үстінде әлемнің жасырын жүрек соғысын сезгендей болдым. Осы нәрселердің бірнеше минут ілгері жасырын болғаны таң қалдырды. Және бізге жауапсыз көрінген сұрақтардың нәтижелері алдымызда бізді күтіп тұрғандай болды. Біз ақылсыз бейшаралар сұрақты қоямыз да Құдайдың сырларының өздігінен ашылғанын күтіп отырамыз. Негізінен сол сырлар біздің ашуымызды күтуде. Исламды қабыл қылудан бұрын бір жылға жуық мұздың үстінде, суықтың астында ақымақша тентіреп жүрдім. Бірақ сол Исламға кірердің алдында өзім білместен тура Мекке Мукаррамға қарай бағыт алып бара жаттым ". (274-275)

" Герат қаласынан Кабул қаласына бара жатқан жолда едім. Жолда Дезанжи атты ауылға бет құрдық. Келесі күні бір әкімнің үйінде кең дастархан басында отырдық. Тамақтанып болған соң бір кісі орнынан тұрып бізді көңілдендіре бастады. Ол кісі Дәуіт пайғамбар мен Жалуттың арасында болған ұрысты жырлады. Жырдың соңында әкім " Дәуіт пайғамбар өзі кіші болса да, иманы үлкен еді" – деді. Сол уақытта мен өз-өзімді ұстай алмай " Сендер көп болсаңдар да, имандарың аз " – дедім. Бізді қонақ қылып отырған үйдің егесі түсінбей, қайран болып маған қарап қалды. Мен өзімді ұстай алмай айтқан сөзімнен сескендім де айтқанымды түсіндіре бастадым. Менің түсіндірмем жолында ешнәрсені қалдырмайтын сел тәрізді бірінен соң бірі келген сұрақтардан құралды. Мен оларға:

- Ей, мұсылмандар! Кеше сендер жүз жылдан аз уақыт ішінде өздеріңнің діндеріңді Атлантикалық мұхит пен Қытайдың түкпіріне дейін жеткіздіңдер. Сол өздеріңе деген сенімді бүгінгі таңда қалай ғана жоғалтып алдыңдар? Әрі әлсіздікпен оп-оңай Батыстың пікірлері мен әдеттеріне көніп отырсыңдар. Сол нағыз имандарыңа қайту үшін неге күштерің мен батырларыңды жинамайсыңдар? Исламның барлық құндылықтарын жоққа шығарған Ататүрк қалай ғана сендерге өркендеу мен түзелудің үлгісі бола қалды? – дедім. Мені қонақ қылған үйдің егесі тіл қатпады. Сыртта қар жауа бастаған. Сұрақтарымды толықтастырып ары қарай жалғастырдым:

- Сендердің пайғамбарларың әкелген таза әрі тұнық иманды ғұламаларың қалайша жоғалтып алғанын маған айтыңдаршы? – дедім. Сендердің құрметтілерің мен патшаларың дүние лазаттарына оранып жүргенде мұсылмандардың басым көпшілігі қалай ғана кембағалдыққа батты? Ал пайғамбарларың " Өзі тойып, көршісі аш болған кісі мүмін емес " – деп, айтқан жоқ па еді? Ал енді әйелдердің хақтарын мәселелердің соңына қарай ысырып қоюларыңды немен түсіндіресіңдер? Пайғамбар (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мен сахабалардың дәуірінде әйел заттары ерлерінің тіршіліктеріне елеулі үлес қоспайтын ба еді? Үй егесі әлі де тіл қатпады. Менің осынша ақтарылып сөйлеуім оны әжептеуір қинап қойған сияқты. Ақырында әкім өзінің сары кең шапанын жыйды да, ақырын дауыспен: " Бірақ, сен мұсылман екенсің ғой " – деді. Мен күлімсіреп, әсте мұсылман емеспін – дедім. Бірақ Ислам дінінің ұлық тұстарын көрдім, ал сендердің зая болып бара жатқандарыңды көрдім. Сол нәрсе көкірегімде ызаны пайда етті. Егер қатты сөйлеп қойсам кешірерсің. Қалай болғанда да мен сендердің дұшпандарың емеспін ғой – дедім. Ол басын шайқап: " Жоқ, сен өзіңе айтқандай мұсылмансың. Бірақ оны өзің білмейсің. Неге қазір оны жүрегіңе жасырмай, тіліңмен "Лә иләһа иллаллаһ Мухаммадур расулуллаһ" – деп, жарияламайсың " – деді. Мен оған: "Мен оны пікірім орныққан кез-келген уақытта айтамын" – дедім. Бірақ ол сөзінен қайтпай: "Дегенмен, сенің Ислам туралы білімің біздің қай-қайсымыздан болса да көбірек сияқты. Бұдан кейін сен түсінбейтін тағы не бар?" – деді. Мен оған: "Мәселе тек түсінуде емес, сонымен қатар толық қанағат тапқым келеді. Құранның адам санасынан туындаған тапқыр шығарма емес, расында Аллаһтың хақ сөзі екеніне қанағаттануым керек" - дедім. Солай дегеніммен де сол ауғандық досымның айтқан сөздері ұзақ уақыт бойы санамда қалып қойды. (375-376)

Осы оқиғадан бірнеше ай өткен соң, Л. Вайс "Бір Аллаһтан өзге Құдай жоқ екеніне куәлік беремін. Және Мухаммед Оның елшісі екеніне куәлік беремін" - деген сөзін Берлиндегі мұсылман қоғамының төрағасының алдында айтып тұрды. Өзінің Ислам әлемдерінде болған екі жылдық сапарынан Еуропаға оралғанда оның аты белгілі есімдердің қатарынан орын алғанын, әрі орталық Еуропа газеттерінің ең үздік тілшілерінің біріне айналғанын білді. Оның мақалалары маңыздылығымен мазмұны тұрғысынан жоғарғы бағаларға ие болды. Және Берлиндегі Саяси-география Академиясына лекциялар тізбегін өткізуге шақырылды. Ол жайында "ешкім 26 жасында осындай дәрежелерге жеткен емес" – деп айтылатын. Оның мақалалары көптеген газеттерге қайта-қайта басылып жатты. Тіпті мақалаларының бірі отыз түрлі басылымда жарық көрді.

Берлинге қайта барып, өзінің пікірлес әрі әріптес жолдастармен қатынаса бастады. Бірақ, олармен Ислам мәселелері жайында сөйлескенде, олардың сөздерінің мәнсіздігімен, ой түбінен шықпайтындығын байқады. Және олар ескі діндерді қайтып келместей өтіп кеткен нәрселердей есептейтін. Ал дінді толығымен жоққа шығармайтындары, себепсіз батыста кең тараған түсініктерге еліктейтін. Ол тараған түсініктердің бірі, Ислам тек діни істерге қатты көңіл бөліп, кез-келген дінде адам таба алатын рухани тұстарды қалдырып қойған деген пікір. Ал Л.Вайс: "Мені таң қалдырған нәрсе Исламда рухани болмыс пен материалдық болмыстың арасындағы айырудың жоқтығы. Және ақылдың иманға жетер жолдағы себеп екендігі. Осы тұс Еуропа ойшылдарының қарсылық білдіретін жері. Олар

ақыл себепшілігі өмір сүрудің жолы деп қарастырады. Бірақ дінге аздап көңіл бөлүші топпен дінді ескіліктің қайта оралмайтын сарқыны деп есептейтін топтардың арасында ешқандай айырмашылықты таппадым. Уақыт өте келе олардың әрқайсысының қателігін таптым. Олардың бұл түсінікте болуларын Европада хиристиан дінінің саясында тәрбиеленгендіктерінен деп білдім. Мен өзімді Исламға барар жолда екендігімді білдім. Соңғы сәт мені қатты ойландырды. Құтылуы жоқ соңғы қадамымды басуды кешіктірдім. Исламды қабылдау пікірі мен үшін қарама-қайшы екі әлемді бөліп тұрған, лапылдаған от үстіндегі көпірден өтудей болды. Әрі Исламды қабылдасам өзімді өзім өскен ортадан жұлып алып тастайтынымды сезіндім. Мен үшін Исламды қабылдауыма ешбір бөгет қалмаған еді. Мұхаммедтің (Ол кісіге Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дағуатымен танысқаннан кейін, мен сияқты кісіге сол дағуатқа қарсы қоғамда, ескі қарым-қатынастарыммен қала беруіме болмайтын еді.

Менің алдында көп кідірген сұрағым: «Ислам діні шынымен Аллаһтың жіберген жолдамасы ма, әлде ол ұлы адамның даналығының жемісі ме екен?» – деген сұрақ еді. (288-289) Көп кешікпей ол сұрақтың жауабы да табылды.

Ол батыстағылардың бастарынан өткеріп жатқан қиыншылықтарымен бақытсыздықтарының шетін көрді. Бірақ олар сол бақытсыздықтарының себебін түсінбейтін сияқты. Бірде әйелімен пойызда келе жатып айналасындағы адамдардың бет-әлпеттеріне қараумен айналысты. «Мен айналамдағы жүздерге назар сала бастадым. Олардың бәрі ішіп-жеумен, киім киюдің рахатын көрген, жақсы жағдайдағы қауымдар еді. Бірақ, олардың ішкі бақытсыздықтарының белгісі жүздерінен көрініп тұрды. Олардың соны өздері білмейтіндіктеріне көзім жетті. Әйтпесе олар өмірлерін құр дүние мен үстемдікке ие болу үшін, ешбір мақсатсыз бекерден-бекерге өткізбес еді». (290)

Ол үйіне барып Құран оқи бастағанда бір нәрсенің жауабын тапқандай болды. Поезда жасаған сынағы әлі де есінде тұр еді.

«Өз демімді ұстап, таң қалған күйде біраз тұрып қалдым. Және қолымның қалтырағанын сездім. Шын мәнінде Құран менің барлық күдіктерімді кетіріп, оларды қайта оралмастай еткен еді. Құран бар сұрақтың нақты жауабын өз бойына қамтыған екен. Құранның шын мәнінде Аллаһ тарапынан түсірілген кітәп екеніне айқын сендім». (291)

Л.Вайс Исламды қабылдағанына алты жыл өткенде «Қаср Ғусеймин» атты жерден шығып, Саудия – Ирак шекарасында үлкен шөлді кесіп өтіп бара жатып қайтыс болды. Оның бағыты Мекке еді.

Оның «Меккеге сапар» атты кітәбінда сол соңғы әсерлі сапар туралы тереңірек мәліметтер жазылған.

Жоғарыда көрсетілген барша мәліметтер мен сөздер сол кітәпта келген әңгімелерден алынған.